

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Эстетикалық тәрбие

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.05.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/37877/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Кубикова Жансая Мырзабаевна

Баяндама: «Эстетикалық тәрбие»

Эстетикалық тәрбие дегеніміз балалардың бойында өз өмірін сұлулық заңдарына сай құра алу қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және, еңбекте, қоғамдық іс-әрекетте адамдармен қатынас жасауды сұлулық идеалдарын негіздеу.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаттары – балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарындамыту.

Эстетикалық тәрбиенің міндеттері:

- эстетикалық білімдерді қалыптастыру;
- эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- ата-бабаларымыздан қалған асыл мәдени мұраны игеру;
- шынайы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты орнату;
- эстетикалық сезімдерді қалыптастыру;
- адамды өмірдегі, табиғаттағы, еңбектегі әсемдікке баулу;
- өз өмірін және іс-әрекеттерін сұлулық заңдарына сай құру қажеттіліктерін дамыту;

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процесінде оқушылар бойында өнердегі, өмірдегі, табиғаттағы, тұрмыстағы, еңбектегі, мінез-құлық және іс-әрекеттегі әсемдік пен әдемілікке деген әсерлі сезімталдық дамиды. Осыған орай А.П.Чеховтың: «Адам бойында бәрі де әдемі болуы керек: денесі де, киімі де, жаны да, ойлары да» деген сөздеріне сәкес ақтау абзал.

Әлемді эстетика тұрғысынан танудың субъективті қыры ретінде эстетикалық сезімдер, әсемдікке деген көзқарас, бағалау, ой-толғаныстар, идеялар, яғни адамның эстетикалық саналылығы қарастырылады.

Әр баланың өз қолымен әсемдікті тудыруға қатысуы бейнелеу өнері, ән-күй,

хореография сабақтары, шығармашылық бірлестіктер мен студияларда жұмыс істеуі арқылы іске асады.

Жоғарыда аталған тәрбиенің барлық бағыттары тұтас педагогикалық процесстер орыналып, өзаратығыз байланыста болады. Тәрбиенің әрбір түрі басқатүрлерімен қатар жүргізіліп, бірінбірі толықтырады, педагогикалық процесс барысында өзара тәуелді болады. Мысалы, ақыл-ой мен денешынықтыру тәрбиесінің байланысы денсаулық пен оқитудың өзара тәуелді ұғымдар екенін көрсетеді. Өйткені оқушының денсаулығыне ғұрлым мықты болса, соғұрлым оның оқуы мен дамуы тиімді сапалы болады.

Жеке

тұлғаның тұтас қалыптасуында тәрбиенің бағыттарының барлығы жеке процесстердің қосындысы ретінде емес, бірлескен, өзара байланысқан, тұтас процесс ретінде қарастырылады, себебі баладағы үйлесімділікті тек қана үйлесімді әсеретумен қалыптастыруға болады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.